

Оларға қатысты халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары қолданылуы мүмкін арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары іске асыратын жобаларды іріктеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің 2023 жылғы 21 қарашадағы № 82 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 қарашада № 33689 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 229) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Оларға қатысты халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары қолданылуы мүмкін арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары іске асыратын жобаларды іріктеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Өнеркәсіптік инфрақұрылымды және елшілік құндылықты дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылым министрі

K. Шарлапаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылым

Оларға қатысты халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары қолданылуы мүмкін арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары іске асыратын жобаларды іріктеу қағидалары 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Оларға қатысты халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары қолданылуы мүмкін арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары іске асыратын жобаларды іріктеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 229) тармақшасына сәйкес әзірленді және оларға қатысты халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары қолданылуы мүмкін арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары іске асыратын жобаларды іріктеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) арнайы экономикалық аймақ – Қазақстан Республикасы аумағының дәл белгіленген шекаралары бар, онда "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын бір бөлігі;

2) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы – арнайы экономикалық аймақтың аумағында басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын және арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізілген занды тұлға;

3) уәкілетті орган – арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-тaraу. Оларға қатысты халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары қолданылуы мүмкін арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары іске асыратын жобаларды іріктеу тәртібі

3. Халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттарды қолдану үшін өнеркәсіптік кәсіпорындары обьектілерін жобалау, салу, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыруды жүргізу, курделі жөндеу, пайдалану кезінде арнайы экономикалық аймақтардың қатысушысы мынадай шарттардың біріне сәйкес келуі тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының стандарттау, метрология және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өнірлік ұйымдарға мүше болуы;
- 2) Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарының болуы;
- 3) стандарттау жөніндегі ұлттық орган мен халықаралық, өнірлік, шетелдік ұйым арасында стандарттау саласындағы ынтымақтастық туралы шарттың болуы;
- 4) тұпнұсқаларды ұстаушылардың халықаралық, өнірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын қолдану жөніндегі талаптарды сақтауы.

4. Оларға халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары қолданылуы мүмкін арнайы экономикалық аймақтың қатысуышылары іске асыратын жобаларды іріктеу үшін арнайы экономикалық аймақтың қатысуышы уәкілетті органға мынадай материалдарды:

- 1) арнайы экономикалық аймаққа қатысуышы жобасының сипаттамасын;
- 2) қолданылуы жоспарланған халықаралық, өнірлік стандартты немесе шет мемлекеттің стандартын;
- 3) таңдал алғынған халықаралық, өнірлік стандартты немесе шет мемлекеттің стандартын қолдану қажеттілігінің негізdemесін қоса бере отырып, еркін нысанда өтініш жолдайды.

5. Уәкілетті орган өтінішті оны қабылдаған күні тіркейді.

6. Уәкілетті орган арнайы экономикалық аймақ қатысуышының өтінішін өтініш тіркелген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде қарайды және қабылданған шешім туралы арнайы экономикалық аймақтың қатысуышын жазбаша хабардар етеді.

Шешім арнайы экономикалық және индустримальық аймақтарды құру, жұмыс істей және тарату саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның бірінші басшысының бүйрекімен қабылданады.

7. Халықаралық, өнірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын тікелей қолдану туралы оң шешім қабылданған жағдайда, уәкілетті орган бұл туралы осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде мудделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды хабардар етеді.

8. Уәкілетті органның теріс шешімі кейін халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттарын қолдану туралы ұсыныспен жүгіну үшін кедергі болып табылмайды.

9. Шешімімен келіспеген кезде арнайы экономикалық аймақтың қатысуышы әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға жүгінеді.

10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа шағымдануға жол беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК